

Мемлекеттік экологиялық бақылауды ұйымдастыру мен жүргізуге қатысты құжаттардың нысандарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 24 мамырдағы № 166 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 28 мамырда № 22841 болып тіркелді

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы бұйрық 01.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы 2021 жылғы 2 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 174-бабының 2) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған мемлекеттік экологиялық бақылауды ұйымдастыру мен жүргізуге қатысты құжаттардың мынадай нысандары:

- 1) Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес;
- 2) Әкімшілік жаза қолдану туралы қаулы осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес;
- 3) Іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы қаулы осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Мыналардың:

"Мемлекеттік экологиялық бақылауды ұйымдастыру мен жүргізуге қатысты құжаттардың нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 26 маусымдағы № 435 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11863 болып тіркелген, 2015 жылғы 25 тамызда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған);

"Мемлекеттік экологиялық бақылауды ұйымдастыру мен жүргізуге қатысты құжаттардың нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 26 маусымдағы № 435 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің м.а. 2016 жылғы 8 желтоқсандағы № 522 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14695 болып тіркелген, 2017 жылғы 3 наурыздағы "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің интернет-ресурсында орналасуын;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық 2021 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануы тиіс.

Қазақстан Республикасының
Экология, геология және табиғи
ресурстар министрі

М. Мирзагалиев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасының
Экология, геология және табиғи
ресурстар министрінің
2021 жылғы 24 мамырдағы
№ 166 бұйрығына
1 қосымша
Нысан

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама

м/к _____ № _____ ж. " ____ " _____
(жазылу орны)

Бас / аға / мемлекеттік экологиялық инспектор
(қажеттісінің астын сызу керек)

(лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты)

"Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасы кодексінің (бұдан әрі - ӘҚБК) 804-бабының 3 тармағына сәйкес

(әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Туған күні: " ____ " _____ ж.

Тұрғылықты жері:

Жеке басын куәландыратын құжаттың атауы және деректемелері: _____

ЖСН: _____

Жұмыс орны, лауазымы: _____

Телефон (ұялы байланыс, факс) нөмірі және/немесе электрондық пошта мекенжайы (бар болса): _____

Заңды тұлғаның атауы: _____

Заңды тұлғаның орналасқан орны: _____

Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) нөмірі және күні: _____

БСН: _____

Заңды тұлғаның банк деректемелері: _____

Жеке басын куәландыратын құжаттың атауы және деректемелері: _____

Телефон (факс) нөмірі және/немесе электрондық пошта мекенжайы (бар болса): _____

Бұзушылық жасады: _____

(әкімшілік құқық бұзушылықтың жасалған күні, уақыты, орны және мәні)

Техникалық құрал туралы мәліметтер (әкімшілік құқық бұзушылықты анықтау және тіркеу үшін қолданылған кезде) _____

(метрологиялық тексерудің атауы, нөмірі, күні, көрсеткіштері)

Әкімшілік құқық бұзушылық куәгері туралы мәліметтер (болған жағдайда)

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), тұрғылықты жері)

Осылайша ӘҚБК бабының бөлігінде көзделген әкімшілік құқық бұзушылық жасалу белгілері байқалады.

Жеке тұлғаның (заңды тұлғаның уәкілетті өкілі) түсініктемесі _____

Әкімшілік құқық бұзушылықты айқындау және тіркеу кезінде метрологиялық тексерістің күні, нөмірі, атауы, техникалық құралының көрсеткіші.

Өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізіліп жатқан адамға ҚР ӘҚБК-нің 744-бабында көзделген құқықтар мен міндеттер түсіндірілді: хаттамамен

және істің басқа да материалдарымен танысуға, түсініктемелер беруге, хаттаманың мазмұны мен ресімделуі жөнінде ескертулер жасауға, дәлелдемелер ұсынуға, өтінішхаттар, оның ішінде істі сотта кешіктірмей қарау және әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыны тез арада заңды күшіне енгізу туралы өтінішхаттар мен қарсылықтарды мәлімдеуге, қорғаушының заң көмегін пайдалануға, істі қарау кезінде ана тілінде немесе өзі білетін тілде сөйлеуге және егер іс жүргізіліп отырған тілді білмесе, аудармашы көрсеткен қызметтерді өтеусіз пайдалануға; іс бойынша іс жүргізуді қамтамасыз ету шараларының қолданылуы бойынша, нақты деректерге және мән-жайларға сәйкес келмейтін мәліметтер көрсетілген жағдайда, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманы жасау кезінде заңның бұзылуына, айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқамаға және іс бойынша қаулыға шағыммен жүгінуге; істегі құжаттардан үзінді көшірме жасауға және олардың көшірмелерін түсіріп алуға, сондай-ақ өзіне ҚР ӘҚБК берілген өзге де процестік құқықтарды пайдалануға құқылы. _____ (қолы).

Әкімшілік құқық бұзушылық куәгеріне (болған жағдайда) ҚР ӘҚБК-нің 754-бабында көзделген құқықтар, міндеттер мен жауапкершілік түсіндірілді. _____ (қолы).

ҚР ӘҚБК-нің 738-бабына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізу тілі анықталды _____.

Өзіне қатысты әкімшілік бұзушылық туралы іс жүргізіліп жатқан адамның түсініктемелері, куәның айғақтары _____

Істі шешу үшін қажетті өзге де мәліметтер _____

Хаттамаға қоса беріледі:

(қоса берілген құжаттар атауы)

Құқықтар мен міндеттермен таныстым: _____

ҚР ӘҚБК-ның 808-бабына сәйкес осы хаттама қоса берілген материалдармен бірге қарау үшін _____

_____ жіберіледі.

(сотқа, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарастыратын уәкілеттік берілген органға (лауазымды адамға))

Хаттаманың мазмұны және оны ресімдеу бойынша ескертпелер _____

_____ 20 жылғы " ____ " _____

(қолы) (аты-жөні)

Хаттаманы толтырған адамның қолы: _____

М. О.

Өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізіліп жатқан адамның қолы: _____

Әкімшілік құқық бұзушылық куәгерінің (болған жағдайда) қолы _____

Хаттама көшірмесін алдым: " ____ " _____ 20 ____ ж. _____

(өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізіліп жатқан адамның қолы)

Хаттамаға қол қоюдан және/немесе қолхатпен қабылдаудан бас тарту туралы белгі

Қазақстан Республикасының
Экология, геология және табиғи
ресурстар министрінің
2021 жылғы 24 мамырдағы
№ 166 бұйрығына 2 қосымша
Нысан

Әкімшілік жаза қолдану туралы қаулы

м/к _____ № _____ ж. " ____ "

(жазылу орны)

Бас / аға / мемлекеттік экологиялық инспектор _____

(қажеттісінің астын сызу керек)

(тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы)

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 804-бабының 3 тармағына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс материалдары қаралды _____

(әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманың № және жасалған күні)

(қоса берілген әкімшілік құқық бұзушылық туралы құжаттардың атауы)

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

қатысты.

Туған күні: " ____ " _____ ж.

Тұрғылықты жері:

Жеке басын куәландыратын құжаттың атауы және деректемелері: _____

ЖСН: _____

Жұмыс орны, лауазымы: _____

Телефон (ұялы байланыс, факс) нөмірі және/немесе электрондық пошта мекенжайы (бар болса):

Заңды тұлғаның атауы: _____

Заңды тұлғаның орналасқан орны: _____

Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) нөмірі және күні _____

БСН: _____

Заңды тұлғаның банк деректемелері: _____

Жеке басын куәландыратын құжаттың атауы және деректемелері: _____

Телефон (факс) нөмірі және/немесе электрондық пошта мекенжайы (бар болса): _____

Өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізіліп жатқан адамға ҚР ӘҚБК-нің 744-бабында көзделген құқықтар мен міндеттер түсіндірілді _____ (қолы).

ҚР ӘҚБК-нің 738-бабына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізу тілі анықталды _____

Айқындалғаны: _____

(Әкімшілік құқық бұзушылық үшін жауаптылықты және істі қарау кезінде анықталған мән-жайларды баяндауды көздейтін ӘҚБК-нің бабын көрсету керек)

ресурстар министрінің
2021 жылғы 24 мамырдағы
№ 166 бұйрығына
3 қосымша
Нысан

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы қаулы

м/к _____ № _____ ЖЫЛҒЫ " ____ " _____

—
(жазылу орны)

—
(қаулыны шығарған адамның лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))
Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғауға себеп болған материалдарды қарап

—
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), тұрғылықты жері) _____ жұмыс

істейтін

(лауазымы, жұмыс орны)

анықталды.

(бұзушылықтың мәні және істі қарау кезінде белгіленген мән-жайларды баяндау)

—
ҚАУЛЫ ЕТЕДІ: _____

катысты

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

—
(Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Кодексінің 809-бабында көзделген істі тоқтататын мән-жайлар)

—
негізінде іс жөніндегі өндіріс тоқтатылсын.

(қаулы шығарған адамның тегі, аты, әкесінің атын лауазымы мен қолы)

Қаулының көшірмесін алдым: 20__ жылғы " __ " _____

(қаулы шығаруға қатысты адамның Т.А.Ә. және қолы)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК